

кезеңдерін қамтыған қазақ зиялыларының ортақ тағдырының көрінісі. Елдес Омарұлы тек педагог не тілші емес, оның болмысы жан-жақты энциклопедист тұлға еді. Ол тіл, педагогика, әдебиеттану, терминология, әліпби реформасы, фольклор, тарих, этнография, баспасөз салаларында жүйелі ғылыми мұра қалдырды. [7, 12 б].

Тиесов Елдес Омарұлы біріншіден, өзінің зерттеулері арқылы қазақ тіл білімінің іргетасын қалады. Оның фонетика, морфология, синтаксис салаларына қатысты тұжырымдары қазіргі қазақ лингвистикасының теориялық негізіне айналды. Әліпби реформасы жөніндегі пікірлері де ғылыми дерекке сүйенген ұлттық көзқарастың үлгісі болды [4, 11 б]. Ол тілдің ұлттық санадағы рөлін терең түсінген ғалым ретінде қазақ ғылымына жаңа бағдар ұсынды.

Екіншіден, оның ұлттық педагогика саласындағы еңбектері қазақ мектебінің ғылыми негізде дамуы үшін шешуші рөл атқарды. Оның «ұлт мектебінде білім беру моделі ұлттық болуы қажет» деген принциптері бүгінгі білім жүйесінің идеясымен сәйкес. Ол оқытудың әдіснамалық негізін анықтап, қазақ баласының ойлау психологиясын ескерген дидактикалық үлгілер ұсынды [2, 65 б].

Үшіншіден, әдебиет пен фольклорды зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі. Оның жыр, айтыс, өлең құрылысы жөніндегі пікірлері қазақ әдебиеттануының классикалық дәуіріне жатады. Фольклорды ұлттық ойлаудың тамыры ретінде қарастыруы қазіргі мәдениеттануда өзектілігін жоғалтпаған тұжырым.

Төртіншіден, ол ұлттық баспасөздің дамуына ерекше үлес қосты. Оның «Қазақ», «Шолпан», «Жаңа мектеп» сияқты басылымдардағы мақалалары ағартушылық ойдың, ұлттық идеяның қалыптасуына қызмет етті.

Бесіншіден, Елдес Омарұлының тағдыры, кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болған қазақ зиялыларының қайғылы бейнесінің бірі. Айыпсыз жазаға тартылуы ғылым мен білім жолында аянбай еңбектенген ұлт перзентінің өмірін өшірген саяси жүйенің қылмысы. Оның Сібірге айдалып, кейін 1937 жылы атылуы қазақ интеллигенциясына жасалған қасіреттің бір парағы. [8, 157 б].

Алайда бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында Елдес есімі ортамызға қайта оралып, ғылыми мұрасы жаңадан зерделеніп жатыр. Елдес Омарұлы ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілі ғана емес, сонымен қатар ұлттық идеяны көзінің қарашығындай қорғаған шынайы ғалым, ұлт жанашыры. Оның есімін тек тарих кітаптарынан ғана емес, ұлттық білім, мәдениет, ғылым кеңістігінен де көруге болады. Оның мұрасы бүгінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін рухани құндылық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. - Қызылорда: Қазмембас, 1925. - 136 б.
2. Досмұхамедұлы Х. Тандамалы. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 384 б.
3. Омарұлы Е. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. - Ташкент: Түркістан баспасы, 1926. - 78 б.
4. Омарұлы Е. Әліпби мәселесі және жазу реформасы. - Алматы: Қазбас, 1928. - 56 б.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. - 368 б.
6. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы. - Алматы: Дәуір, 2012. - 512 б.
7. ҚР Орталық Мемлекеттік Архиві. 1930 ж. Елдес Омарұлына қатысты тергеу ісі. - Іс №512.
8. Садықов Т. Қазақ зиялылары және ұлттық идея. - Алматы: Білім, 2004. - 244 б.
9. Ахметова Г. Қазақ педагогикасы тарихы. - Алматы: Рауан, 1997. - 220 б.

## **ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРЫ**

**Ерханқызы Д.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., Оразбақов А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

erkhankyzy.dinara@mail.ru

Қызылорда қ.

Қазіргі кезеңде көптеген сөздіктерде интеллигенция дегенде мамандығы бойынша ой еңбегімен айналысатын адамдарды айтады. Қазақтың интеллигенциясы, яғни қазақтың зиялы қауымы ақын-жыраулары шешен-билері, абыздары дәстүрлі қазақ қоғамының алғашқы өкілдері болған еді. Осындай қазақ интеллигенциясының өкілдері 1917 жылғы революция қарсаңында қазақ даласынан шығып Ресейдегі оқу орындарында оқып, қызмет жасап, саяси жұмыстарға белсене түрде араласа бастаған болатын. Осылайша, ХХ ғасырдың басында ой өрісі батыстан кем түспейтін, елінің халқының

жанашырлары жаңа толқындағы қазақ зиялылары қалыптасты. Кеңес дәуірінің 20-30 жылдары қазақ ұлттық интеллигенциясының саны артып, мыңдаған қазақ ұлдары мен қыздары Қазақстанның өркендеуіне өз үлестерін қоса бастаған болатын. 30-шы жылдардағы ашаршылықтан кейінгі алғашқы жылдары ұлттық интеллигенцияның қайта өрбіген кезеңі болды деп ойлаймын. Себебі бұл жылдары көптеген қазақ балалары Ресей оқу орындарында оқып келіп, көрген-білгендерін жергілікті жермен салыстыра бастап, өз еңбектерін Қазақстанды дамыту жолына сала бастады. Алайда 30-шы жылдардың екінші жартысындағы саяси репрессиялар бірінші кезекте қазақ интеллигенциясын шайқалтқан болатын. XX ғасырдың 50-ші жылдары олардың көп бөлігі ақталғанымен өкінішке орай олардың еңбектері, атқарған қызметтері көп жағдайда толық ашылмай қалды.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері, саяси қуғын сүргін құрбандары болған көптеген қазақ зиялыларының есімдері қайта жаңғырып, алты алашқа мәлім бола бастады. Солардың бірі Сыр елінің азаматы, жас кезінен қоғамдық және мемлекет істеріне белсене араласқан қайраткерлеріміздің бірі Темірбек Қараұлы Жүргенов еді.

2014 жылы Қызылорда облысы әкімінің ұсынысымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары Алматы, Душанбе және Ташкент мұрағаттарына Темірбек Жүргеновке қатысты құжаттарды жинақтап әкелуге жіберілген болатын. Бұл мақаланы жазу барысында осы іс-сапарлар кезінде әкелінген мұрағат құжаттарын пайдаландым. Құжаттардың көпшілігі Т. Жүргеновтың Халық Ағарту комиссары болып жұмыс атқарған кезеңіне байланысты болғандықтан, негізгі мәселені сол кезеңдегі құжаттардан бастауды жөн көрдім.

Сол кезде Қазақстан Халық Ағарту комиссары болып қызмет атқарған Т. Жүргенов Қазақстанда білім, ғылым, өнер, мәдениет салаларының дамуына елеулі үлес қосты. Осы кісінің басшылығымен қазіргі белгілі оқу орындарының, театрлардың ірге тастары қаланып, ұлттық интеллигенцияның, жоғары білімді мамандардың, көптеген жаңа қатары пайда болды. Бұл мамандарды дайындау үшін оларды Ресейдің оқу орындарына, солардың ішінде Мәскеу мен Ленинградқа тағы басқа қалаларға жіберіп сол қалаларда қазақ жерлестіктерінің қауымдастығын құрып сол арқылы Комиссариаттан қаржы беріп отырды. Қосымша стипендия, санаторийларға жолдамалар бөліп сыртта оқыған қазақ балаларына көмек беріп отырған болатын.

Темірбек Жүргенов елімізден тыс жерлерде оқитын Қазақстандық студенттерді өзінің назарынан тыс қалдырмай, қолынан келгенше көмек беріп, еліне қайтқанда баяғы орыстың патшасы Пётр I секілді шетелде оқып келген орыс дворяндарының балаларынан өзі емтихан қабылдап қызметке тағайындағандай наркомпростың арнайы бұйрығымен[1] белсенділігін, үлгеріміне және маманға сұранысқа байланысты оларды бірінші кезекте педогогикалық техникумдарға, облыстық және қалалық білім бөлімдеріне жұмыс істеуге жолдама беріп отырған. Осындай бұйрықтарды Қазақстанның жоғары оқу орны ҚазПИ-ді бітірген түлектерге де арнап шығарған[2]. Бұл бұйрықтардың кейбіреулерінде жолдама алғалы отырған студент тұсында Т.Жүргеновтің өз қолымен жасаған түзетулері бар екен. XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанның орта оқу орындарын, мектептерді, техникумдарды және жоғары оқу орындарын сапалы, білімді мамандармен қамтамасыз ету қиын болған болатын. Арнаулы білімі бар азаматтар аз еді. Себебі, білімділерін Кеңес үкіметінің түрлі деңгейдегі мемлекеттік ұйымдары өздеріне жұмысқа тартып алып отырған. Аталған тұлғамыздың үлкен бір еңбегі осы мәселені Қазақстанның үкімет басшыларының алдында көтеріп, басқа салада жұмыс істеп жүрген педагогика саласының мамандарын қайтадан өз саласына тарту туралы жасаған ұсынысы еді. Осы ұсыныстың нәтижесінде Қазақстан үкіметінің қаулысына сәйкес сол кезде басқа салада жұмыс істеп жүрген жоғары білімді педагогика саласының бір жарым мыңдай маманының сегіз жүзден астамы педагогика саласына қайта оралған еді[3]. Бұл жерде Т. Жүргеновтің өзіне тапсырылған жұмысты ақылға салып, табандылықпен атқарғанын көре аламыз.

XX ғасырдың 30-шы жылдарының алғашқы жылдарында Қазақстан мектептерінде арнаулы білімнің болмаса да, сауатынның болуы мұғалім болып жұмыс істеу үшін жеткілікті еді. Осы мәселені шешуді, мектептерді дипломы бар мамандармен қамтамасыз етуді Т. Жүргенов күн тәртібіне қойған болатын. Деректерге сүйенсек, 1934-1935 оқу жылдарында Қазақстанның 1-ші және 2-ші деңгейдегі мектептерінде жұмыс істеген 15583 мұғалімнің 10 мыңнан астамының арнаулы білімі болмаған екен. Бұл оқу жылдарында мектептерге қосымша 4000 мұғалім керек болған, ал 1934 жылы Қазақстандағы барлық пед.техникумдарды 350 студент қана бітірген еді. Сол себепті 1934-1935 жылғы педагогикалық кадрлардың дефициті 3650 адамды құраған болатын[4]. Осы мәселелерді аз уақытта шешу Т. Жүргеновтің негізгі жұмысы болды.

Бұл кезеңді қысылтаяң уақыт деуге болады. Себебі, мұғалім кадрларының жетіспеушілігіне байланысты жаз айларында бастауыш және орта мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру үшін наркомның тапсырмасымен ҚазПИ-дің 2-ші және 3-ші курс студенттері де Қазақстанның аудандары мен ауылдарына екі айға іс-сапарларға жіберіліп отырды[5]. Осы іс-тәжірибелер арқылы

педогогикалық институттарда енгізіліп жатқан жаңа оқу технологиялары сол жылы-ақ мектептерге жетіп отырған еді.

Темірбек Жүргеновтің тағы бір маған ұнаған қасиеті, жоғары оқу орындары ішінде университеттік жүйені жақсы қадірлегені. Осыған байланысты деп ойлаймын. 1937 жылы Томск университетін бітіретін 9 Қазақстандық студентті оқуын бітірмей жатып біреуін педтехникум директоры қызметіне, екеуін орта мектеп директорларына, біреуін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлығына, біреуін педтехникумға оқытушылық қызметке, ал қалғандарын ауылдарға жібермей қала мектептерінде қалдыруға бұйрығын шығартқан болатын. Осыдан болашақ педагогикалық кадрларды дайындауда ғылыммен білімнің ұштасқан университеттік білім жүйесінің болашағын Т. Жүргенов сол кездің өзінде білгені және осы жүйені Қазақстанда да дамытуға тырысқандығын көре аламыз.

Т. Жүргенов Халық Ағарту комиссариаты саласына қарайтын барлық жерлерде өзінің жұмысқа деген ынтасын көрсете білді деп баға бере аламын. Өйткені, 1934 жылы қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры ашылғанда Т. Жүргенов осы театрға мамандар даярлау мақсатында 64 адамды Москваға оқуға жіберу үшін болашақ студенттерді іріктеуге құрамында Брусиловский секілді тұлғалар бар бес адамды Қазақстанның оңтүстік, батыс, шығыс, Алматы, Ақтөбе облыстарына іс-сапарға жіберді. Көп жағдайда өз біліктілігімен көзге түскен қызметкерлерді, біліктілігін арттыру үшін стипендия тағайындап оқуға жіберіп отырған. Мысалға айтатын болсам, 1935 жылы жылдың соңында ән айту өнерімен көзге түскен Р.Алоширова деген азаматшаға 200 сом есебінде стипендия тағайындап Москваға консерватория жанындағы опера студиясына оқуға жіберген болатын. Жаңадан ашылған опера театрына мамандардың өте керек екенін түсінген Т. Жүргенов Москва консерваториясы жанынан Қазақ опера студиясының ашылуына дем беріп, оның директоры қызметіне Никита Давидович Кармановты тағайындап 500 сом есебінде жалақысын бекітті[6].

Т. Жүргеновтің осы кезеңдегі Халық Ағарту комиссары есебіндегі жалақысы 450 сом болатын Оның қарапайымдылығын 1935 жылғы Ағарту Халық комиссариаты қызметкерлерінің штаттық кестесінен көруге болады. Ол өзінің тұсында белгіленген 500 сом айлық жалақы дегенді сызып, тұсына 450 сом деп қойған. Сонда наркомның секретариатындағы Т. Жүргеновті қосқандағы 5 адамның 3-інің жалақысы наркомнан артық, ал біреуінікі наркоммен бірдей болған екен[7].

Кейбір зерттеулерде жоғары оқу орындарындағы сырттай оқу бөлімдері екінші дүниежүзілік соғысынан қайтқан жауынгерлердің еңбек етіп жүріп жоғары білімді алуы үшін ашылған делінген. Ал Т. Жүргеновке қатысты мұрағат құжаттарымен таныса келе сырттай оқу бөлімдері 30-шы жылдары жұмыс істегені көрініп тұр. 1936 жылы 23 қазанда Қазақстан үкіметі Қазақстандағы оқу орындарында маман тапшылығына сәйкес қосымша 3000 студентті дайындау туралы бұйрығын шығарған. Осыған сәйкес Жүргеновтің бұйрығымен Темір, Лепсі, Жаркент, Үржар, Семей, Өскемен, Зайсан, Павлодар, Петропавловск, Шучинск, Шымкент, Түркістан педагогикалық техникумдарынан сырттай оқу бөлімдері ашылды[8]. Осы 1936 жылдың 20 қарашасындағы бұйрыққа сәйкес мектептердегі дипломы жоқ мұғалімдерді сол 1936 жылдың соңына дейін сырттай оқу бөліміне оқуға түсуге мәжбүрледі, оқуға түспеген жағдайда я оқуға қызығушылық білдірмеген жағдайда оқуымен қоса жұмысынан шығаруды тапсырды. Сырттай оқу бөлімдерінің ашылуы мұғалім кадрларының жетіспеушілігін толтыра алмаған болатын. Бұл әсіресе жоғарғы білімді мамандарға қатысты, жақсы көрінді. Осылайша педагог мамандардың жетіспеушілігін қысқа мерзімде жою үшін Қазақ АССР-інің Комиссарлар кеңесінің «мұғалімдік және педагогикалық институттарға мұғалімдерді экстернатқа қабылдау туралы» қаулысына сәйкес толық орта білімі бар, мұғалім болып жұмыс істеп жатқан 250 адамды Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтына, 160 адамды Орал пединститутына, 175 адамды Ақтөбе мұғалімдер институтына, барлығы 585 адамды жедел түрде дайындау туралы бұйрықты дайындап, Т. Жүргенов Қазақстан үшін жоғары білімді педагог мамандарды дайындауды, мектептермен арнаулы орта, жоғарғы оқу орындарында мамандардың көбеюіне өзінің үлкен үлесін қосқан еді.

Бәрімізге мәлім Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы 1944 жылдан жұмыс істеп келеді. Бірақ көпшілік бұл жұмыстың басы Т. Жүргеновтің кезінде жасалғанын білмейді. 1935 жылдың 30 желтоқсанында Т. Жүргенов Қазақ мемлекеттік консерваториясын құрудың дайындығын бастау үшін 7 адамнан тұратын құрамында А. Жұбанов, Е. Брусиловский бар комиссия құрып, оларға консерваторияны білім алушылармен қамтамасыз етуді, сырттан оқытушы-профессорларды шақыруды, музыкалық аспаптармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етуді тапсырды және осы бұйрығымен Алматыдан жылына 100 адамды қабылдайтын музыкалық мектепті ашып берген болатын [9]. Бұлар болашақ консерватория абитуриенттері еді. Бұған қоса қазақтың музыкалық аспаптарын көптеп дайындау үшін комиссариат тарапынан музыкалық аспаптарға сұраныстар жасап, аспаптар дайындайтын фабрикаға тапсырыс беріп, ұлттық музыкалық аспаптардың жасалуына, ұмытылмауына, жандануына жағдай жасады.

Темірбек Жүргенов Қазақстанның ағарту саласында Халық Комиссары болған кезде көптеген жұмыстар атқарылды. 1935 жылы Қазақ АКСР-ның 15 жылдығын атап өту бұйрығында[10]. «Қазақстанда қазіргі таңда 6000 мектеп бар. Онда 600 000 оқушы білім алуда, Революцияға дейін бірде-бір орта немесе жоғарғы оқу орны болмаса қазір 100-ге жуық техникум, 17 жоғары оқу орны, оның ішінде бірінші Қазақ Мемлекеттік Университеті бар» - деген болатын. 6000 мектептің болуы сол кезең үшін үлкен жетістік болды, КСРО ыдырағаннан кейінгі 1992-1993 оқу жылында Қазақстанда 8654 мектеп болған, бұл мектептерде 3126,9 мың оқушы оқыған[11]. Әрине 30-шы жылдардағы мектептермен 90-шы жылдардағы мектептерді салыстыруға болмайды. Бірақ 6000 мектеп саны көп нәрсені білдіріп тұрғандай. Алайда осы сандардан 30-шы жылдары мектептер көп болса да, балаларды оқуға тарту әлі де қиындық туғызғанын көруге болады.

Оқушылардың сабаққа көптеп келмеуін КАКСР Ағарту Халық комиссариатының 28.11.1934 жылғы №581 бұйрығынан көруге болады. Ақтөбе облысының 7 малшаруашылық ауданында 1933-1934 оқу жылында 1 сыныпта 9375 оқушы оқыса, келесі жылы 2 сыныпта 3648 оқушы ғана оқыған екен[12]. Осындай жағдайларда Жүргенов жағдайды түзетудің жолын көрсетіп, нақты тапсырмалар беріп отырған. Ал егер жұмыс жөнделмесе қатаң шаралар қолданылатын. Мысалы сол Ақтөбе облысының Карповка елді мекеніндегі толық емес орта мектебіндегі жұмысты әлсіреткені үшін Т. Жүргенов мектеп директоры Галатоны және аудандық білім бөлімінің басшысы Родиенконы сотқа берген болатын. Өз қызметіне салғырттықпен қарайтын басшыларды ақшамен де жазалап отырған еді. Мысалы Алматыдағы кітапханашылар курсына 2-3 класстық білімі бар, сауаты төмен, кейбіреулері Ликбезде ғана оқыған адамдарды жібергені үшін бұлардың жол пұл шығындарын толығымен осыларды оқуға жіберген аудандық білім бөлімдері басшыларының мойнына салған еді[13].

Темірбек Жүргенов қазақ балаларын оқуға тартуға, соның ішінде қабілеті бар балаларды жігерлендіруге жұмыс атқарған, сол атқарған жұмыстарының бірі 1935 жылдың 4 шілдесінде өткен, балалар үйлерінде тәрбиеленіп жатқан қабілетті балалардың слёті еді. Осы уақытта 30 жылдардағы ашаршылық кезінде жетім қалған балалардың балалар үйінде көп болу фактісі тіркелген болатын. Олардың көбісі қазақ балалары еді. Осы слётке шақырылған 60 адамның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысынан 25 адам шақырылды. Өткізілген слёт нәтижесі бойынша балалардың қай бағытта қабілетінің мол екені анықталып, бәрі түрлі оқу орындарына емтихансыз қабылданған еді[14]. Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне жағдай жасап, азамат болып қалыптасуына Жүргеновтің келесі бұйрығы дәлел бола алады. 1935 жылғы оқу орындарына қабылдау жоспарына сәйкес Алматыдағы Муздрамтехникумға 130 адам, хореография мектебіне 50 адам Алматы, Оңтүстік, Шығыс Қазақстан және Қарағанды балалар үйінің балаларынан алынды.

Оқуға алынған бұл балалар шындығында сауатты болған, себебі көп ұзамай бұл студенттерді Қазақстанның әр жерінен театрларға жұмысқа шақырды. Осылайша студенттер стипендиядан гөрі айлық алғанды дұрыс көріп, театрларға кете бастаған болатын. Осыны білген Жүргенов театр директорларына студенттерді жұмысқа алмау, ал студенттерге оқуын жалғастыру туралы арнайы бұйрық шығарды[15]. Тұлғамыздың ұлттық кадрларды дайындауға үлкен мән бергенін БК(б)П Қазақстан өлкелік бюросының 1934 жылғы 27 мамырдағы қаулысынан көруге болады. Бұл қаулыға сәйкес жоғары оқу орындарына 1934 жылы қабылданатын студенттердің 65-80% қазақ немесе шығыс ұлттары өкілдерінен болуы керек болған[16]. 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университетін ашуға үкім шыққан кезде, болашақ университеттің профессор-оқытушылар кадрларын дайындау үшін Москва, Ленинград университеттеріне 10 адамды аспирантураға жіберу көзделгенде, Т. Жүргенов бірінші кезекте қазақ ұлтының өкілдерін жіберу туралы мәселені көтерді[17].

Ана тілімізді оқыту мәселесіне Т. Жүргенов ерекше мән берген болатын. 1936 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Көкпекті ауданындағы мектептердің бірінде оқушылар 44 сөзден тұратын диктантта орташа 38 қатеден, ал Семей қаласындағы 95 мұғалім диктантта 843 қате жібергенін білген Халық комиссары бақылауды күшейтуді, ал ана тілін оқытатын барлық мұғалімді тексеруден өткізіп, ана тілін оқыту үйірмелерін ұйымдастыруды тапсырған еді.

Қаралған құжаттардың ішінде бір қынжылтатыны «Атта отырсаң еретіндер көп, аттан құласаң тебетіндер көп» дегендей, Т. Жүргенов түрмеге жабылғаннан кейін оның орынбасары «Бұған дейінгі Комиссариатта жасалынған көптеген жұмыстар халық жауы Жүргеновтің басшылығымен жоспарсыз, жүйесіз істелініп, мекеменің ішкі өміріне, оқу орындарына бақылау салғырт жүргізілді» - деп, көп жылдар бойы Жүргеновтің басшылығымен атқарылған жұмыстарды жоққа шығарып екі күн ішінде «жоғарыдан берілген тапсырмалардағы қасақана жасалынған кемшіліктерді анықтауды» тапсырды. Бұл кеңестік жүйенің Қазақстанда білім мен мәдениет жүйесін көтеріп, жаңа деңгейге жеткізген Т. Жүргеновке айтқан «рахметі» болды[18].

Қазіргі таңда Қазақстан энциклопедиясы барлық Қазақстандықтар үшін өз елінің тарихы жетістігі жинақталған жақсы анықтамалық кітап болып табылады. Осы орайда Қазақстанда «Қазақ

энциклопедиясын» дайындау туралы Қазақстан өлкелік БКП (б) комитетінің бюросының шешімімен жасақталған бірінші топта Нүрпейісов, Исаев, Кабулов, Васюткин және Жүргенов болғанын атап өтуіміз керек[19]. Осыған қоса сауаты аздарға арналған журналдың редколлегиясының мүшесі болған және «Литературный Казахстан» газетінің редакциялық алқасында болған[20].

Жұмысты жазу барысында ұсынылған құжаттар мен пайдаланылған материалдар Т. Жүргеновтің қайраткерлік қызметінен ғана емес, сонымен қатар ұлт тарихының күрделі кезеңінен хабар беретін деректерге толы. Жоғарыда жазылған деректердің талаптарына сай әрбір құжаттың грамматикалық, орфографиялық, стильдік т.б. түпнұсқалығы сақталып отыр, бұл оның қолданбалық маңызын арттыра түседі деп санаймыз[21].

Темірбек Жүргеновтің өмірі мен қызметін зерттеу әлі де толықтыруларды қажет етеді. Олай айтуымның өзіндік себебі бар. 2014 жылы Тәжікстанның Душанбедегі мемлекеттік мұрағатында жұмыс істеген У.С. Ибраев және Б.Б. Еңсепов Жүргеновтің еңбек жолының бұрын ешкім білмеген жаңа бетін - ағамыздың Тәжікстанның Статистика басқармасының бастығы болғанын анықтап, Тәжікстанда қаржы жүйесінің дамуына байланысты Т. Жүргеновтің жүргізген үлкен жұмысын айқындайтын көптеген жаңа құжаттар әкелген болатын. Бұл мақаланы жаза отырып, Темірбек Жүргеновтің өмірінің жаңа беттері ашылды деп ойлаймын. Алдағы уақытта Егемен еліміздің зерттеуші-ғалымдары мен жас буыны тұлғамыздың өмірі мен қызметінің жаңа беттерін толықтырады деген үміттемін. Жүргеновтің идеялары мен еңбектері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпайды. Оның қысқа ғана ғұмыры халқына адал қызмет етудің, ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгудің жарқын үлгісі болып қала береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚРОММ. 81-қор, 3-тізбе, 325-іс. 360-п.
2. ҚРОММ. 81-қор, 3-тізбе, 326-іс. 371-п.
3. ҚРОММ. 141-қор, 1-тізбе, 6614 іс. 316-п.
4. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 141-қор, 1-тізбе, 6604-іс. 359-361 п.
- 5 ҚРОММ. 81-қор, 3-тізбе, 326-іс. 371-п.
- 6 ҚРОММ. 81-қор, 3-тізбе, 325-іс. 10-п
- 7 ҚРОММ. 81-қор, 3-тізбе, 325-іс. 366-п.
8. ҚРОММ. 81-қор, 4 тізбе, 115-іс. 1-2 п.
9. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 35-іс. 1-п.
10. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 35-іс. 85-п.
11. Региональный статистический ежегодник Казахстана за 1992 год. - Алматы, 1993. -234 с.
12. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 115-іс. 7-п.
13. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 58-іс. 613-п.
14. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 35-іс. 111-п.
15. ҚРОММ. 81-қор, 4-тізбе, 35-іс. 14-п.
16. ҚРОММ. 141-қор, 1-тізбе, 6651-іс. 379-п.
17. ҚРОММ. 141-қор, 1-тізбе, 6605-іс. 121-п.
18. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 708-қор, 1-тізбе, 42-іс. 54-п.
19. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 141-қор, 1-тізбе, 6606-іс. 324-п.
20. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 708-қор, 1-тізбе, 42-іс. 179-п.
21. Темірбек Жүргенов - мұрағат құжаттарында. Құжаттар жинағы / Құраст. Оразбақов А. Ж, Ибраев У.С., Еңсепов Б.Б. - Астана: Фолиант, 2014. - 160 б.

## **ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІНІҢ ТАРИХЫ**

**Жеңіс А.Н., Мәди.А.Б.**

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

zeisaaulym@gmail.com

Қарағанды қ.

Қазақ өлкесінің капиталистік қатынастар саласына бірте-бірте араласуы халықтың шаруашылық. өміріне,. атап айтқанда сауданың нысаны мен мазмұнына көптеген өзгерістер енгізді. Ішкі сауда екі нысанда жүргізілді: айырбас және ақша. Соңғысын, негізінен, бүкіл өлкеге бытырап жатқан орыс-украин шаруалары мен қазақ ауылдары. ал айырбасты негізінен көшпелілер жүргізді.